

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақтөбе ауданы бойынша білім бөлімі Ақтөбе қаласы №7 ЖОББ мектебі» КММ

1 «Б» сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөніндегі есебі

Еліміздің бүгінгі, ертеңі – болашақ жас ұрпақтың қолында, — ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында. Қазіргі таңда бастауыш сынып ұстаздары үшін оқушыларының мектепке дайындығы мен бейімделуі бірқатар кедергілер мен қиындықтарға толы. Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Алты жасар баланың алғаш рет мектепке келуі - балаға да және оның ата - анасына да өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін баланың дені сау және жан - жақты даярланған болуы қажет. Осыған орай мен оқушылардың мектепке, оқу үрдісіне тез бейімделуін қатаң бақыладым. Биылғы 2023-2024 оқу жылында 1 «Б» сыныбында 23 оқушы болды. Соның ішінде 7 қыз бала, 16 ұл бала. 12 оқушы осы мектептің даярлық тобында болған, 1 оқушы №3 орта мектептен даярлық тобында болған, қалған балалар балабақшаның даярлық тобынан келген. Оқушылардың басым бөлігі осы мектептің оқушылары болғандықтан олармен тіл табысу қиын болған жоқ. Бірақ оқушылар мектепке әртүрлі деңгейдегі дайындықпен келді. Әдетте мектепке бейімделудің 4 деңгейі болады: жоғары, орта, төмен және өте төмен. Менің оқушыларым менің тәртібім мен менің талаптарыма үйрене бастады. Ата - аналармен өткізілген сынып жиналысында, мектеп ішілік жалпы жиналыста оқушының мектепке бейімделуі жайлы сөз қозғалған болатын. Сондықтан ата - аналармен де тығыз жұмыс жүргізілді. Оқудың алғашқы аптасында - ақ кейбір оқушылар өздерін әлі оқушы сезіне қоймады. Бірақ уақыт өте келе бейімделе бастап, қазіргі уақытта оқу-тәрбие үрдісі бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Тек оқудың 5 - 6 апталарында жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері тұрақты бола бастады және біртіндеп жоғарылады. Оқумен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу бастады. Оқу жүктемесіне ағзаның физиологиялық бейімделуі қиын кезең болғанымен, ол оқудың 5 - 6 апталарында аяқтала бастады. «Мектеп күйзелісі» - бұл баланың мектепке баруымен байланысты психикалық күйінің бұзылуы сияқты жылау, мектепке барғым келмейді деген оқушылар тарапынан қылықтар болған емес.

Балалардың ішінен мектепке бейімделу ауыр, қиын болған балалар болған жоқ. Менің ойымша менің оқушыларымның бейімделудің ауыр кезеңінде болған жоқ. Бірақ бастапқы бетте жаңартылған бағдарлама бойынша оқушылардың оқу тәртібі және оқу жүктемесі сәл ауырлау болды. Қазіргі таңда менің оқушыларым мектепке бейімделіп болды деген ойдамын. Алғашқы уақытта мен тек оларға сапалы білім мен тәрбие беруде көп жұмыс жасаймын деген ойдамын. Себебі білімді, тәрбиелі оқушылар мұғалімінің мәртебесі мен мақтанышы.

Дайындаған: 1 «Б» сынып жетекшісі: Халел М

